

88.5(2.182

ҚЗІ

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Бауыржан ОМАРҰЛЫ
Амантай ШӘРІП

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ
және **ДӘСТҮРЛІ**
МЕНТАЛЬДІК

82.512.122

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Бауыржан ОМАРҰЛЫ
Амантай ШӨРІП

К 31

**ҰЛТТЫҚ
ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ
ДӘСТҮРЛІ
МЕНТАЛЬДІК**

(монография)



АЛМАТЫ
2013

УДК 82, 512.122.09

ББК 83.3 (5 Қаз)

Қ 31 /

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Алаш» мәдениет және рухани даму институты ұсынған*

Жалпы редакциясын басқарғандар —
С.Қирабаев, ҚР ҰҒА академигі
С.Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі

Пікір жазғандар: **А.Ақматалиев** - Қырғыз Республикасы ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.
Қ.Әбдәзұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор.
Б.Кәрібозұлы - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қ 31


Д.Қамзабекұлы, Б.Омарұлы, А.Шәріп
Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Монография. -
Алматы: ARNA-B, 2013. - 192 бет.

ISBN 978-601-7221-65-2

Бұл ғылыми еңбекте дәстүрлі ментальдік пен көркемдік-шығармашылық сананың ара қатынасы қазақ әдебиетінің әр түрлі кезеңдегі бірегей бітімінің түпқайнары, дамуы және түрленуі негізінде көрініс тапқан. Сонымен қатар өзге ел әдебиеттерінің үлгілері де қамтылған.

Кітап әдебиеттану саласының мамандарына, филолог-студенттерге, сондай-ақ ұлт руханияты жанашырларына арналған.

00303100



УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7221-65-2

© Д.Қамзабекұлы, Б.Омарұлы, А.Шәріп, 2013
© Агпа-b, 2013

КІРІСПЕ

Жаһандану дәуіріндегі әлемдік рухани сұраныстардың аясында қазақ қоғамының идеологиялық және зияткерлік дәрмен-дәрежесінің маңызы арта түседі. Бұл орайда ұлттық әдебиетке жүктелер міндет аз емес. Сондықтан оның байырғы қазынасын бүгінгі үдерістермен байланыстыра отырып, терең және жан-жақты зерделеу — қарайлауды көтермейтін қажеттілік.

Күні бүгінге шейін қазақтың әдебиеттану ғылымында дәстүрлі ментальдік пен оның көркемдік бейнелерінің ара қатынасы туралы мәселе арнайы зерттеу нысаны болған емес. Сондықтан аталмыш проблеманы парықтау этнопоэтика саласында жаңаша теориялық көзқарастарды жасауға, сондай-ақ іргелес гуманитарлық ғылымдарды байытуға мол мүмкіндіктер ашады. Қазақ философиясы мен мәдениеттануының бастаулары негізінен дала көшпелілерінің ауызша халық шығармашылығы мен әр кезеңдегі ұлт әдебиетінде жатқандықтан, жалпы рухани дамудың ішкі байланысы мен табиғи өзара сіңісуі кешенді пәнаралық талдауды қажет етеді. Атап айтқанда, ХІХ-ХХ ғасырлардағы, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының поэзиясын сан алуан және ортақ заңдылықтары бар дүниежүзілік отаршылдыққа қарсы әдебиет аясында зерттеу де бүгінге шейін ғылыми талқылаудан тыс қалып келеді. Әр халықтың рухани тәжірибесі жалпы-адамзаттық мәдениетті сақтау үшін керек. Ұлттық көркем әдебиет — этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальді ерекшеліктерді жарыққа шығарудың әмбебап саласы. Осындай идеялық-шығармашылық қатпарларды талдау қазіргі қазақ әдебиеттануының теориялық негізін жаңалауда, сонымен қатар қоғамның зияткерлік тұғырларын

жаңғыртуда және ұлттық өзін-өзі байыптауда зор көкжиектер ашады және орасан іргелі әрі қолданбалы маңызға ие болады. Бұл бағыттағы зерттеулер рухани байланыстарды, мәдениеттер сұхбатын ілгерілетуде де тиімді.

Аталған тақырыптағы зерттеудің қорытындылары бойынша жаңа ғылыми қағидалар мен тұжырымдар жасау нәтижесінде әдебиеттану саласындағы ескірген және күні өткен әдістерді қайта қарау мен бағалауға, сондай-ақ инновациялық және әлем мойындаған зерттеушілік қисындар мен тәсілдерді енгізуге мүмкіндік туады.

Тәуелсіздік дәуірінде қазақ әдебиетінің әлемдік мәдени кеңістікке жақындасуы жүріп жатыр. Дегенмен, қазақ әдебиеті көземел тақырып ауқымында шет елдерде әлі арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ. Мысал ретінде тек Дьюк университетінің (АҚШ) орыс тілі мен әдебиетінің адъюнкт-профессоры Томас Виннердің 1958 жылы ағылшын тілінде басылған, қазақ фольклоры мен әдебиетіне жалпы шолу жасаған «Ресейлік Орталық Азия қазақтарының ауызекі шығармашылығы мен әдебиеті» (Thomas G. Winner. The oral art and literature of the Kazakhs of Russian Central Asia) атты кітабын келтіруге болады [1]. Егер бұл мәселеге әмбебаптық пен бірегейлік ара қатынасы тұрғысынан қарасак, шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің әдіснамалық маңызы зор ғылыми еңбектері ойға оралады. Осы ретте дүние жүзіне танымал М.Бахтин, Г.Гачев, Д.Лихачев секілді ғалымдардың, француздардың «Аннал» мектебінің өкілдері мен ізбасарларының (М.Блок, Л.Леви-Брюль, Л.Февр және басқалар) зерттеулері кеңінен таралған. Соңғы уақытта аталған тақырыпты жан-жақты және нақты әлеуметтік ортада қарастырған ресейлік ғалымдардың зерттеулері пайда болды. Мысалы: И.Шишкова. «Жасөспірімдерге арналған ағылшын көркем әдебиетіндегі ұлттық ментальдік: ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басы» (филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторе-

фераты. Мәскеу, 2003), Л.Ибрагимов. «XX ғасырдағы шешен прозасында ұлттық ментальдіктің көркем бейнеленуі» (филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Грозный, 2011), З.Кучукова «Онтологический метакод этнопоэтиканың мәйегі тұрғысынан: карашай-балқар ментальдігі поэзия айнасында» (Нальчик, 2005), К.Султанов «Ұлттық сана-сезім және әдебиеттің құндылық бағдарлары» (Мәскеу, 2001), Ф.Урусбиева «Доңғалақ метафизикасы. Түркі культурогенезінің мәселелері (әдебиеттанушылық қыры)» (Мәскеу, 2003), З.Акавов, Л.Эмирова. «А.А.Бестужев-Марлинскийдің Кавказдық прозасы: еуразиялық мәдени сұхбаттағы орыс менталитетінің проблемалары» (Махачкала, 2004) және т.б. [2].

Қазақстанның әлеуметтік-қоғамдық және гуманитарлық ғылым саласының мамандары да ұлттық менталитет мәселесіне ден қоя бастап, бірқатар еңбектері жарық көрді. Олардың қатарында Д.Кішібековтің, Т.Бурбаевтың, А.Құдабаевтың, А.Тұрысбекованың, З.Наурызбаеваның [3], т.б. зерттеулері бар. Бірақ бұл бағыттағы ізденістердің бір жүйеге түспегені анық.

Сондықтан тарихтың әр кезеңінде қазақ әдебиеті өмір сүруінің түпқайнарын, дамуын және түрленуін ұлттық ментальдік пен көркемдік сананың үш – архаикалық, нормативті және индивидуалдық түрлері арқылы ғылыми тұрғыдан айқындау, талдау және пайымдау маңызды міндеттердің қатарына кіреді.

Монографияда қазақ әдебиеттануында әлі кеңінен қолданыла қоймаған, пәнаралық байланыстарды орнатуға мүмкіндік ашатын, қазіргі заманғы методологиялық тұжырымдамалардың (герменевтика, психоанализ, структурализм, компаративистика және т.б.) жетістіктері пайдаланылды.

1. ӘДЕБИ-ТАРИХИ ҮДЕРІС ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ МЕНТАЛЬДІК

1.2. КӨРКЕМДІК САНА ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕНТАЛЬДІК МЕТАМОРФОЗАСЫ

Ментальдік ұғымы «сана, ақыл, ой өресі» дегенді білдіретін латынның *mens, mentis* сөздерінен бастау алады.

«Ментальдік» терминін америкалық философ Р.Эмерсон 1856 жылы қолданып, құндылықтар мен шындықтардың түпқайнары - адам жанының метафизикалық мәні екендігін білдіруге жұмсайды. Бұл ұғымды неокантшылдар, феноменологтар, психоаналитиктер кәделеріне жаратты. Марсель Пруст оны өз сөздігіне енгізді.

Ментальдік ұғымы қазір әсіресе философия мен мәдениеттануда кеңінен пайдаланылып жүр. Басқа ғылым салаларына да бірте-бірте дендеп келеді.

Ментальдікті бір ауыз сөзбен түсіндіру қиын. Ол адам психикасының терең қатпарларына көмілген. Ментальдіктің сипатын дәстүр, мәдениет, табиғи тіршілік ортасы анықтайды. Ол саналы және бейсаналы құбылыстарды өзара түйістіреді. Ментальдік ой мен сезімді бір-бірінен бөлмейді. Табиғи және мәдени, ұжымдық және жеке, эмоционалдық және рационалдық нәрселердің арасын байланыстырады.

Ментальдік – белгілі бір мәдени ортада өмір сүретін, дүниені өзінше қабылдайтын, дара ойлау жүйесі бар, өмірлік құндылықтары қалыптасқан, тұрмыстық және әлеуметтік мінез-құлқы орныққан адамдардың жиынтық сипаттамасы.

Ментальдік тіршілік тәжірибесінің және тәлім-тәрбиенің барысында қалыптасады. Әр түрлі мәдени ортада өскен индивидтерді осы ментальдік бір-бірінен айрықшаландырып тұрады.

Ментальділік дегеніміз – кез келген әлеуметтік ортаның елеулі сипаты, өйткені қоғамдық-мәдени субъект ретінде

индивид объективті айналасынан бұрын, белгілі бір этникалық менталитет түзген дүниенің интерсубъективті бейнесіне тиесілі.

Ұлттың менталитеті оның бүгіні мен өткеніне көзқарасынан да білінеді.

Тарихи-философиялық түсініктер аясында «материя» ұғымына «рух» категориясы қарсы қойылса, психологиялық ілімдер тұрғысынан «ми»-ға «сана» кереғар саналады. Бірақ бұл жерде басын ашып алатын мәселелер баршылық. Өйткені сана да — бейсаналық секілді, ментальдіктің бір бөлшегі ғана.

Дәстүрлі мағынасында «ментальдікті» менталитетке синоним деп танып, социологиялық контексте оны белгілі бір әлеуметтік топтың өкіліне тән тұрақты интеллектуалдық және эмоционалдық ерекшеліктер ретінде қарайды.

Ментальдік тарихы этнологиядан, мәдени антропологиядан және әлеуметтік психологиядан тамыр тартады.

Ментальдікті арнайы зерттегендер: *семиотика* — таңбалар жүйесі ғылымының Тарту мектебі (Ю.М.Лотман, Вяч.Вс. Иванов, Б.А.Успенский, В.Н.Топоров), *карнавалдық күлкі мәдениеті* (М.М.Бахтин), *француздың «Анналар» мектебі* (М.Блок, Л.Февр).

Әлеуметтік және аграрлық тарихты зерттеуші француз медиевистері Ж.Дюби мен Э.Леруа Ладюри ең ақырында ментальдік мәселесін зерттеуге бой ұрған. Осыдан ой таратқан белгілі орыс ғалымы А.Я.Гуревич былай деп жазады: «Позволю себе добавить, что мне — историку, прошедшему такой же путь от аграрной истории к истории культуры, — эта эволюция вполне понятна. Изучение ментальностей вовсе не уводит от социально-экономических проблем — оно ставит их в более емкий, всеобъемлющий контекст. В основе этого перемещения центра научных интересов лежит стремление преодолеть тот барьер, который существует между социально-экономической историей, с одной стороны, и историей духовной жизни — с другой» [4, 78]. Олай болса, ментальдік

элеуметтік-экономикалық тарих пен рухани тарихтың арасындағы кедергіні жойып, дәнекерлік ете алады екен.

М.Блок пен Л.Февр де ортағасырлық Еуропа мен Ренессанс дәуірін зерттеу үшін ментальдік ұғымын қолданды. Бұрынғылар оның жарамдылық аясын алғашқы қауымдық құрылыспен шектеуші еді. Мысалы, этнологиядағы эволюционизм және анимистикалық мектеп, одан кейін Дюркгейм рационализмі тұрпайы ментальдік туралы сөз етіп, оны архаикалық қоғамға теліді. Ал әлгі екеуі ғылыми айналымға сондай-ақ «ақыл жабдығы» («умственная оснащённость»), «рух жарағы» («духовная вооружённость») ұғымдарын енгізді.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Леви-Брюль тұрпайы және өркениетті ментальдіктерді бөліп айтты.

Ментальдік тарихына етене белгілер мыналар:

1) ұжымдық психологиялық бітімдерге басым қызығушылық;

2) «айтылмай іште қалған», санада сарапталмаған, қарабайыр тіршілікке жақын тұрған ақылға, күнделікті дағдылы ойға, тұрмыстық дүниетанымға бүйрек бұру;

3) ойлаудың тұрақты түрлеріне: метафораларға, символдарға, категорияларға ден қою.

Ментальдік тұрғысынан алғанда, адамның ішкі дүниесі – қоғам мен индивидтің арасындағы дәнекер.

Қазақ менталитетінің қалыптасуына әсер еткен факторлардың қатарында:

1) көшпелі өркениет;

2) Батыс пен Шығыстың арасындағы транзитті жағрафиялық жағдай;

3) Тәңіршілдіктен қалған наным-сенімдер мен исламның ұштастығы айтылады.

Осы орайда кез келген халықтың ықылым замандардан бергі рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы – оның сөз өнері. Болмыс бітімдерін нақты категориялардың көмегімен кескіндеп-кейіптеуден гөрі, ойлы образдар немесе образды ойлар

арқылы айшықтауға бейім көшпелілер жұрағаты – қазақтардың тарихи тағдыр-талайын зерттеп-зерделеуде әсіресе олардың поэзиясының тұла бойында тұтаса тұнып тұрған қыруар қазынаға жүгінудің жөні бөлек. Өйткені ұлттық поэзия қай тұста да елдік мұрат пен мүдденің, арман мен аңсардың шығармашылық шежіресі болды; халық рухының беркіну мен божырау сәттерін сұңғылалықпен суреттеді. Қилы кезеңдердің қыспағында ширап-шыныққан өлең өнерінің өзінің де тақырыптық тұрпаты үздіксіз жаңғырып-жаңаланып, көркемдік кестесі үнемі түлеп-толысып отырды. Дәстүрлі ментальдіктің өзгеріп-өрнектелуі де сонда тұңғыық таңбаланған.

«Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді», – депті Х.Досмұхамедұлы [5, 256].

Француз әдебиетшісі Г.Лансонның пікірі де осы сипаттас: «Француз әдебиеті – ұлттық өмір көріністерінің бірі: өзінің ұзақ әрі құнарлы дамуы барысында ол саяси және әлеуметтік деректерде белгі берген немесе мекемелерде сүзгіден өткен барлық идеялар мен сезімдерді таңбаға түсірді... Біз адамзат рухы мен ұлттық өркениет тарихын олардың әдеби айшықтары арқылы зерттейміз» [6, 4-7].

Сөйтіп, біртұтас мемлекетке біріккеннен бергі бес жарым ғасырға жуық мерзімнің ішінде көшпеліліктен капитализмге шейінгі қоғамдық құбылыстарды көзбен көріп, бостандықта да, бодандықта да күн кешіріп үйренген қазақ ұлтының қаншама ұрпағы жұрттықты сақтау жолында жанын жеп, түн ұйқысын төрт бөлдірген ой орамдарының, сезім мен сана сырларының құпияларын өлең өзегіне өріп кеткен.

Тақырып бойынша зерттеулер барысында ғалымдардың алдына қойылған нақты мақсат пен міндеттерге орай келесі әдебиеттанушылық әдістер пайдаланылды. Мәдени-тарихи әдіс әдебиетті халық рухының әр кездегі өмірінің көрінісі ретінде сипаттайды. Құрылымдық әдістің көмегімен әдебиеттанушылық еңбектерде көркем шығармалардың композиция-

сын айқындауға, оның бөлшектерінің байланысу заңдылықтары арқылы жалпы модельді елестетуге талпыныс жасалады. Архетиптік әдістің (Юнг психоанализі) жәрдемімен жекедара емес, ұлттық және жалпыадамзаттық сана астары оның тұрақты бейнелі формулалары – архетиптер арқылы зерттеледі, бұл ментальдікті түсіндіруге көп септігін тигізеді. Гуманитарлық ғылымдарға ортақ герменевтиканың арқауы – әдеби мәтіндерді түсіндіру, ұғындыру, ал ол өз кезегінде пән-аралық байланыстарды кеңейтуге мол мүмкіндіктер береді.

Бұл ретте поляк ғалымдарының ұжымдық ізденісінің нәтижесінде дүниеге келген – гуманитарлық саладағы бүгінгі жержүзілік озық ғылыми-зерттеу методологияларының қисын-қағидаларын егжей-тегжейлі қарастырған «Әдебиет. Теория. Методология» іргелі еңбегі айрықша назар аударуға және жүгінуге тұрады [7].

Зерттеп-зерделей келгенде, қазақ әдебиетіндегі ұлттық ментальдіктің генезисі, эволюциясы және трансформациясы мынадай кезендік рухани көріністерден белгі береді деп тұспалдаймыз:

1. Түркілік түпнегіз және қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы тұсындағы көшпелі қоғамның мұраттары (жыраулық поэзия);

2. ХҮІІІ ғасырдағы жоңғар-қалмақ шапқыншылығы мен орыс отаршылдығы төбе көрсеткен тұстағы ұлттық бірігу идеясы (Бұқар);

3. Қазақ халқының Ресейдің қол астына қарауы бірте-бірте және аймақтар бойынша жүзеге асырылуы себепті қатаң хронологиялық жүйеге көне бермейтін, бірақ әртүрлі көзқарас-концепцияларды танытатын: а) жат жұрттық езгіге қарсы қимылға үндеу (ұлт-азаттық көтерілістер поэзиясы – Махамбет, т.б.); ә) зар заман (Дулат, Шортанбай, Мұрат, Албан Асан, т.б.); б) ұлттық өзін-өзі сақтау (Абай және ағартушылық бағыттағы ақындар) сарындары;

4. ХХ ғасырдың басында жетекші орынға шыға бастаған саяси күрескерлік тенденция және түрікшілдік, жөдитшілдік, милләтшілдік, Алаш идеялары (Ахмет Байтұрсынұлы, Мір-жақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғұмар Қараш, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Мағжан Жұмабайұлы, т.б.);

5. Кеңестік империя кезеңіндегі ұлттық геноцид, мәдени экспансия және ассимиляциялық саясат жүзеге асқан тоталитарлық жүйе жағдайында таптық ұғымдардың тасасында астыртын күн кешіре берген этностық белгі-сипаттар (қазақ кеңес ақындары – Қ.Аманжоловтың, Қ.Бекхожиннің, Ә.Тәжібаевтың, Ж.Молдағалиевтің, Қ.Мырза Әлидің, Ж.Нәжмеденовтің, М.Мақатаевтың, т.б. шығармашылығы);

6. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңғырып-жаңару үстіндегі ұлттық көркемөнерінің барлық саласында бейнеленетін көшпелі кезеңнің дүниетанымдық бедерлері мен құндылықтары.

Ал енді осы кезеңдік құбылыстардың ая-астарын тануда көркем сана түрлерін саралап-салмақтап алған жөн.

Авторлық поэзияда дәйекті, даусыз даралықтың таңба-тіні айқын танылғанға дейін бір шығармадан басқа шығармаға емін-еркін көшіп жүретін кейбір көркемдік кестелердің, тіпті басы бүтін шумақтардың жиі жолығысып жататындығы қалыпты құбылыс еді. Бір ғана мысал:

*Мақтанба малым бар деп бағыңызға,
Бағыңыз тұрса жақсы тағыңызда.
Саныңды аузыңды ұстап бір соғарсың,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.*

Шал ақын

*Мақтанба басыңызда бағыңызға,
Қартаймақ, қиын сауда тағыңызда.
Сізге де сорлы болу қиын емес,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.*

Жаяу Мұса

*Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
 Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
 Іске аспай бақ-дәулеттің қалуы оңай,
 Басыңнан бағың тайған шағыңызда.*

Ыбырай Алтынсарин

Үш алуан ақынға тиесілі болуына және әрқилы сәт-сәбеке қарай пайдаланылуына қарамастан бұл шумақтардың арасында пәлендей айырым аз. Бөлек-бөлек адресатқа бағышталса да, мотив пен мақсат ортақ — бәз-баяғыша өмірдің көшпелі һәм өзгермелі екендігін тағы бір ескертіп қою. Сонда бір енеден туғандай әлгі ұқсастықтардың кұпия-қалтарысы мен мағына-мәнісі неде? Бұл, бәлкім, бастапқыда жидашы-жинаушылардан кеткен шалағайлықтың көрінісі шығар? Әлде анау айтқандай әдеби ұрлықтың басыбайлы белгісі ме? Жауап жалғыз-ақ: Шал ақынның да, Жаяу Мұсаның, да, Ыбырай Алтынсаринның да өнеге-өсиет сөздері дап-дайын «қолда бар қалыпқа кұйылған» (К.Жұбанов). Бұл — халықтың көркемдік ментальдігінің бір кәнігі көрінісі.

Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын провансалистиканың, яғни ортағасырлық трубадурлар поэзиясының білгірі Фридрих Диц аяқ астынан: «Бүкіл провансальдық әдебиетті бір-ақ ақынның шығармашылығы деп қабылдауға болады», — деген пікірін пайымдады [8, 222]. Оның бұл тосын байламын толық қостап-қолдаған П.Мейер, Г.Парис, А.Жанруа секілді зерделі зерттеушілер трубадур ақындардың тарихтан белгілі ұзын саны 500-ге жетіп жығылатындығынан бейхабар болмағандығы аян. Ендеше, куртуаздық лириканы мың түрленткен мұншама қалың топтың бір ақынға балануы неліктен? Қалай болғанда да, олардың туындыларын туыстырып әрі тұтастырып тұрған қайсыбір ортақ белгі-бедерлердің көзге айқын көрінгені сөзсіз. Тіпті бәзбіреулер мұндай бірізділікті мансұқтап, трубадурлардың махаббат жырларындағы көркемдік қайталауларды — «ұқсас жерлерді» (*Loci communes*),

«топостарды» (topoi) жауырлықтың, жаттандылықтың дағдысына теліді.

Бұл секілді кембағал көзқарасты тұңғыш терістеген ғалым — академик А.Н.Веселовский. Ол: «Біз ортағасырлық сүйіспеншілік поэзиясының баландығын, бірсарындылығын көзге шұқып айтамыз, бірақ бұл — бүгінгі күннің ғана бағасы: бізге қасаң қалып түрінде жетіп, қиялды мүлде қозғамайды делінетін құбылыс өз заманында жаңалық есебінде жарқ еткен және жұрттың сана-сезімінде сан алуан керемет айқыш-ұйқыш әсерлерді туғызған», — деп жазды [9, 92]. Осылайша кез келген әдеби мұраға бүгінгі күннің талаптарын зорлап таңбай, мұның орнына оған өзінің байырғы бойбітіміне шақ тарихи мінездеме берген лайықты-ақ. Ал бұлайша бағдарлаудың барысында көркемдік дүниетанудың кезеңдері туралы мәселенің де көңілді мазалауы кәміл.

Бүкіл жер жүзілік әдеби дамуға ортақ заңдылықтарды зерттеп-зерделеуші ғалымдар көркемдік сананың үш түрін ажыратады:

1. Архаикалық немесе мифтік-поэтикалық сана (поэтикасыз поэтика);
2. Дәстүршіл немесе нормативті сана (стиль мен жанр поэтикасы);
3. Дара шығармашылдық немесе тарихи сана (авторлық поэтика).

Талас жоқ, көркемдік сананың қай сатысы да белгілі бір тарихи дәуірдің мазмұнын айғақтайды және соған сәйкес поэтикада көрініс табады; бұған қоса көркемдік сана түрлерінің ауысуы поэтикалық пішіндер мен категориялардың тарихи дамуының басты-басты желілері мен бағыттарын айқындайды.

Әрі көркемдік сана түрлерінің арасын қатынасыз қалдыратын қатаң шет-шекаралар мен бағана-белгілердің болмайтындығын мойындай отырып, біз дәстүршіл (нормативті, канондық) әдеби таным-түсініктердің төңірегінде сөз сабақтаймыз.

Әлбетте, дәстүршіл көркемдік сана — мағырыптың да, машырықтың да мәдениетіне етене феномен. Батыс ғалымдары еуропалық өркениеттің өсіп-өну және өркендеу белестеріне қатысты қарастырғанда, оның антик, ортағасырлық, қайта өрлеу, классицизм, барокко кезеңдерін жеке-жеке саралап-салмақтайды.

Жұмыр басты пенде бертінге шейін тарихты циклді процесс, айналмалы қозғалыс деп түсінді. Міне, осы таным дәстүршіл санаға көркемдік таңбасын түсірді. Тілдік тұрғыдан қарағанда, жыраулық поэзиядағы констатациялардың (ой-тұжырымдардың) көбіне етістіктің шақ категориясына бейтарап, тоқтаусыз болып тұратын қимыл-қозғалысты білдіретін-*ар* жұрнақты есімше тұлғасымен немесе -*ады* тұлғалы ауыспалы шақ етістікпен берілуі түрлі қайталауларды, соған сай тұрақты формулаларды тудыруға септігін тигізді. Бір жағынан, «бұл тәсіл әдеби айналымға көптеген сөздерді қатыстыруға және түрлендіріп отыруға мүмкіндік бере бермейді» [10, 145]. Олай болса, ұқсас яки «сәйкес ситуацияларды ақын-жыраулардың дәстүрлі қалыппен кұйып отырғандығын» [11, 422] аңғару қиын емес. Мұның өзі дәстүршіл әдебиет поэтикасында автор емес, жанр мен стиль категорияларының бірінші кезекте болатындығын көрсетеді.

Қазіргі талғам бойынша «бірі жамау, бірі құрау» көрінетін канондық өлең клишелері бағзыда туындыгер мен тындаушыны өзара түсіністіріп-табыстыратын «жеңгетайлық» жоралғыны атқарған, сөйтіп рухани тепе-теңдік пен тұрақтылықты қамтамасыз қылған. Дәстүршіл әдебиет дәуірінің өз ойшылдары поэтикалық үлгі-үрдістен айнымауды қуаттады және өлең өнерін осы өлшемнің ауқымында бағалады. Мысалы, араб ғұламасы әл-Асмағи (ҮІІІ-ІХ ғ.ғ.) шайырлықтан шын үміткер шәкірттерге төмендегідей талаптарды қойды:

1. Өлең шығарудың тәртібі мен тәсілдерін меңгеру;
2. Өзіне дейінгі ақындардың өлеңдерін белгілі бір көлемде жатқа білу;

3. Араб поэзиясының негізгі мотивтерін және олардың сөздік бейнелерін игеру;

4. Грамматикаға, сондай-ақ арабтардың тарихы мен шежіресіне (генеалогиясына) жүйрік болу.

Сол секілді парсы әдебиетшісі Низами Арузи Самаркандидың (XII ғасыр) пікірінше, кез келген ақын кемелдік шыңына көтерілу үшін өзіне дейінгілерден 20 мың жыр жолын және замандастарынан 10 мың өлең қатарын жатқа білуі қажет.

Поэзия зерттеушісі В.Огнев «Байырғы дағыстандық ақындар немесе уақыт лириканы қалай байытады» атты мақаласында: «Жақсы ақын деп өз тарапынан жаңалық әкелген ақын ғана емес, бәрінен бұрын ілгеріде айтылған жырлардан есінде көбірек жол сақтаған ақын саналды. Бейнелеп айтқанда, оған кілемнің өзін тоқуға емес, даяр кілемге ою-өрнектер салуға рұқсат етілді», — деп жазады [12, 559].

Дәстүршіл поэзиядағы бір туындыдан басқа туындыға, бұрынғы шығармадан бүгінгі шығармаға алаңсыз ауысып жүретін көркемдік компоненттердің бір тобы — тұрақты мотивтер.

Жалпы, дәстүршіл әдебиетте мотивтер ерекше еленіп-ескерілген. Мысалы, ортағасырлық араб зерттеушілері VIII-X ғасырлардың ішінде «Поэтикалық мотивтер кітабы» атты отызға тарта еңбек тудырыпты. Солардың бірі — әл-Асқаридың «Диуан ал-мани» («Поэтикалық мотивтер каталогы») жинағында арабтың классикалық поэзиясының барлық басты жанрларына тән әлденеше ғасырлық мотивтер жинақталған. Али әл-Журжани (X ғ.) болса мұнымен шектелмей, араб поэзиясының бүкіл мотивын үлкен үш топқа бөледі: а) муштарак — жалпыға ортақ «иесіз» мотивтер; ә) мубтазал — әуелде иесі болған, бірақ кейіннен ортақ дүниеге айналып кеткен мотивтер; б) мухтасс — жеке-дара иесі бар мотивтер.

Жалпы, дәстүршіл автордың да екіұдай күй кешкені анық. Бір жағы, ол әдеби әдепке сәйкес үйреншікті үлгіден

шет-шығандап кете алмаса, екіншіден, өмірдегі өзгерістер таныс тақырыптың жаңаша жырлауды керек еткен кездерде соны сүрлеуге бет бұруға ықыласты болды. Дегенмен, «шығармашылық еркі шектеулі» ақын өз ізденістерін тек дәстүрдің аясында дамытты, дағдылы тақырыпты жаңаша жырлау ең алдымен оны түрленту (варьирование) арқылы жүзеге асырылды. «Оның жаңалығы жарытусыз, бұрынғының үстіне жаңа бояу жағу түрінде ғана болады. Жаңа шығармасы да сол ескі тамырға көктеп өседі» (Қ.Жұбанов). Т.Шапайдың жазуынша: «Ортағасырлық араб-парсы, түркі тілді лирикалық поэзия өзінің ұзақ тарихында қалыптасқан қатаң дәстүрлер, поэтикалық канондар, әдеби этикеттер ауқымында дамыды. Тақырып, құрылым, көркемдік бейнелеу құралдарында лириканың негізгі жанры – ғазал, сондай-ақ туюғ, рубаи, қыта, фард сияқты түрлері белгілі бір нормаларды, орныққан жүйені ұстанды. Сезім, көңіл-күй өрнегінде де дәстүрлі образдар пайдаланылды. Бірақ бұл творчестволық ерікті тұсады деген сөз емес. Шығыс поэзиясы классиктерінің (Рудакиден Навоиге дейін) шығармаларында лириканың сезімдік кернеуі, көңіл сырын бейнелеу мүмкіндіктері әр ақынның дарын ерекшелігіне орай дамып, күрделене, байи түсті. Дегенмен, бұл процесс байырғы үрдіс, дәстүрлі жанрлық-канондық шекара ауқымында болды» [13, 161-162].

Басқаша айтқанда, дәстүршіл сана аумағында автор жанр мен стильді тандап тудырған жоқ, керісінше – жанр мен стиль авторды тәуелділікте ұстады.

Бұл өз кезегінде ортағасырлық «поэтикалық ауысулар» теорияларында тиянақталды. Дәстүрлі мотивтерді жаңғырта жырлау (интерпретациялау) араб әдебиетінде «сарика», санскрит сөз өнеріне «харана» секілді атаулармен, парсы назымында «джавап», «назира», «истикбал», «таклид», «пай-рави», «татаббу» тәрізді категориялар арқылы бейнеленді. Аталмыш ұғымдардың бірқатары «ортақ әдеби қор» – шағатай

әдебиетінің арқасында қазақ поэзиясына да бөтен болмағандығын айта кеткен абзал.

Дәстүршіл поэзияда кез келген жанрдың аумағында рет-ретіне қарай белгілі бір топостар мен тақырыптарды, ал қайсыбір тақырыпқа қатысты соған өзектес фразеология мен образдар жүйесін қолдану алдын-ала көзделді. Құюлы қалыптан шықпай-ақ тақырыпты түрлентудің айла-амалдарын көрсететін риторикалық және поэтикалық көркемдеуіш тәсілдер туралы теориялар (аланкара-шаштра, «орнаментализм», т.б.) да жарық көрді. Айналып келгенде, дәстүршіл әдебиет өзінің ішкі қисын-қағидалары бар, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан сабақтастыққа негізделген, тіпті өну, өсу және өшу шарттары да жоқ емес біртұтас көркемдік жүйе ретінде танылады.

Дәстүрді ұстанған ақындар мен даралыққа ұйыған ақындардың арасындағы түбірлі айырмашылықтарды айқындау мәселесі де көркемдік сананың кезеңдерін ажыратумен байланысты.

Біздің ойымызша, дәстүршілдікті бұзып, дарашылдыққа бұрылуға алғаш талпыныс жасаған шығармашылық өкілі — Дулат Бабатайұлы. Басқа ақындар бұрынғы ізбен жыр тудырып жатқанда, онын:

*Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса?! —*

деп жар сала оқшаулануы қалыпты ұғымға қайшы, бірақ батыл қадам болатын.

Өйткені ол заманда «өзінен бұрынғы не өзімен тұстас беделді де белгілі ақындардың өз көңіліне ұнаған өлең, жырларын өз шығармасына қосып айту кейінгі ақындардың шығармаларын нәрлендіріп, көпшілік алдында өркештендіріп отырған» [14, 16]. Бұл әдет канондық поэзияда әдепкі нәрсе, тіпті әдеби этикет ретінде орнықса, бертінгі жазба шығар-

машылық дәуірінде әдеби ұрлық (плагиат) немесе құр еліктеушілік есебінде бағалана бастайды. Мысалы, Көлбай Тоғысовтың «Ай, қазақ» атты өлеңінде «Абайдың әртүрлі өлендерінің ой, идеясы ғана емес, жекелеген сөздері ғана емес, тіпті тұтас жолдары қайталанып жүргенін» байқаған зерттеуші А.Нұрқатов: «... эпигондық пен жалаң еліктеушілік те — шын мәнісіндегі творчестволық үйренушілікке кереғар, жат құбылыс. Бұл кейде өзінен бұрынғы ұлы суреткердің ықпалынан шыға алмай қалушылықтан туады», — деп түйеді [15, 181]. М.Мырзахметұлының келтірген деректеріне сүйенсек, ұлы ақынның «Кнөз блән Зағифа», «Сұлу қыз», «Әлқисса хикаят бәйіт» кітаптарына, сондай-ақ Жүсіпбек Шайхысламұлының жинағына кіргізілген дүниелерінің бірқатары таратушылар тарапынан едәуір өңделіп-өзгертілген; тіпті оларға қатысты Абайдың аты ауызға алынбай, басқа біреулердің есімдеріне еншіленген. Айталық, классиктің Қазан қаласында 1903 жылы жарық көрген «Әлқисса хикаят бәйіт» кітабында басылған «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» атты өлеңі осындай кепті киіпті. Ыбырай Алтынсариннің, шығармалары да сол секілді «ұрлыққа» ұшыраған. К.Шахмарданұлы «Кел, балалар, оқылық» деген жинақ (Қазан, 1898) шығарып, ағартушы ақынның әлгі аттас өлеңін «Қазақ хрестоматиясындағы» түпнұсқадан біраз алшақтатып, алыстатып пайдасына жаратып жіберген. Мұндай фактілер есейген, ержеткен поэзияның өре-өлшеміне салғанда ерсілік сияктанғанымен, екінші жағынан — жазба әдебиетке бет бұрған тұста қолына қалам ұстағандардың баршасы бірдей дәрегейі мықты дәстүрдің аясынан алысқа ұзай алмайтындығын айғақтайды; сонымен қатар шығармашылық әлеміндегі ескілікті, ерқашты поэтикалық инерцияның тез арада тоқтап-тынбайтындығын түйсіндіреді.

Содан туатын ой: Дулаттың бағанағы қос қатарындағы тың, тосын пайым — көркемдік санадағы соны сипаттың нышаны, дәстүрлі әдебиеттің бірте-бірте дара шығармашылыққа ығысып орын бере бастайтындығының көрінісі.

Жалпы, ХУІІІ ғасырдың соны мен ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы жер жүзілік әдебиеттің бітім-болмысына осы мерзім мұғдарында орын алған орасан зор әлеуметтік өзгерістер, саяси қозғалыстар, идеологиялық ағымдар, теориялық ізденістер түбірлі әсерін тигізді. Өуелі — Еуропада, содан соң Шығыста өзелгі, әдепкі риторикалық постулат-парықтаулар билік-беделінен жұрдай болып, жаңаша жобаланған әдебиет теориясы мен тәжірибесінен шеттетіліп шығарылды. Көркемдік санадағы мұндай төңкеріс-түлеудің аяқ астынан кеуде көтермегені, қайта — сан кезеңге созылған, көзге көрінбейтін ілкі, ішкі даярлықтың арқасында жарк еткені жасырын емес. Мысалға Еуропаны алсақ, Қайта Өрлеу дәуіріндегі индивидуалистік ұмтылыстар, Шекспир менен классицизм өкілдерінің психологиялық жаңалықтары, Монтеньнің скептицизмі, ағартушылық идеология — тағысын-тағылар риториканың дүниетанымдық дінгектерін шайқалтуға қызмет қылса, немістің классикалық философиясы мен романтизмі оны біржолата құлатып берді. Канондық көркемдік санаға тән поэтикадағы стиль мен жанр үстемдігі тақтан тайдырылып, енді керісінше — автор категориясы алдыңғы кезекте көрінді. Соған сәйкес, жанрлардың дәстүрлі жүйесі бұзылды, басқашаланды; стиль дегеніңіз нормативтік тонын шешіп тастап, индивидуалдық кейіпке көшті.

Аталмыш кезеңнің ауқымында орыс отаршылдығы арқылы қазақ өлкесіне де еуропалық мәдениет ептеп, еркіндеп еніп, сахаралық көшпелілік салт-сананың бет-бедеріне сүргі салынды. Сөйтіп, дәстүршіл әдебиет дағдылы жүрісінен жаңылып, сыналап-сызаттап-сыпайылап кірген сонылықтардан қашып құтылмасқа қарады.

1.2. МЕНТАЛЬДІКТЕР МӘМІЛЕСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ

Қазіргі парасатты, пәтуәлі ғылымның қарауылынан қарағанда, мәдениеттер тоғысының шет-шекарасын диалогизм принципіне орайласқан (М.Бубер, М.Бахтин, В.Библер, Ю.Лотман) мәдениеттер мәмілесі /диалог культур/ қағидасымен қиыстырған ұтымды. Өйткені белгілі бір мәдениеттің бөтен мәдениетпен жүзбе-жүз жолығып, теңбе-тең сұхбаттасқан-сырласқан сәтінде ғана өзін анағұрлым толығырақ, тереңірек танып-түйсініп, қадір-қасиетін қайта құнттайтыны сөзсіз. Бұл бір мәдениеттің басқа бір мәдениетке жұтылу арқылы жойылып тынуын емес, керісінше — өзара ауысу-алмасу, сіңісу-синтезделу, үйрену-үрдістену нәтижесінде бұрынғыдан бетер баюын, бағалануын дәріптеуді көздейді. Әрине, мәдениеттер мәмілесін атүсті, асығыс түсінудің — яғни, оны аяқ асты етудің өлі судай томаға-тұйықтыққа, абсолюттендірудің бұлдыр, беймәлім бағдарсыздыққа сүйрейтіндігін де әркез ұмытпаған жөн; іс жүзінде ақырғы төрелікті айтатын төбеби — тарихи ситуация тудырған ұлттық мұрат-мүдде.

Сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени «Шығыс-Батыс» парадигмасын қайсыбір мәдени құбылысқа, оның ішінде жекелеген автордың жекелеген туындысына таңып, таңбалағанда да абай болған абзал.

Ауызша әдебиеттен ұлттық жазба әдебиетке өту барысында қазақ қоғамы мәдениеттер тоғысы — аккумуляция процесінің өте қиын да қайшылықты, күрт те күрделі құбылыстарына қалауынан тыс кезіккендігін көреміз. Өмірдің өз фактілерін мойындамасқа, оларға мойынсұнбасқа, содан шыққан проблемалардың шешімін пайымдамасқа болмайтыны белгілі. Осы орайда А.Байтұрсынұлы жат әсердің жайын әлгідей пәмдеп-парықтай отырып, әрі қарайғы ойын:

«... бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу — жалғыз бізде ғана болған емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Еуропадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз», — деп жалғастырса, тағы бір тұста өзі Абайдан бастайтын «сындар әдебиеттің» дамуы хақында мынадай болжамын бөліседі: «Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр. Және сол бетімен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал» [16, 279].

Бұл процесс, әсіресе, жат жұрттық езгіні бастан кешірген кез келген халыққа жүріп өткен жолдай таныс.

Мысалы, латынамерикалық және еуропалық мәдениеттердің қарым-қатынасы диалектикасын, ұлттық және универсалдық бастаулардың бірлігін айқын аңғарған Аргентинаның үлкен ақыны Эстебан Эчеверриа (XIX ғасырдың бірінші жартысы): «Америка еуропалық ойдың озығын зерттеп-зерделеуі қажет, бірақ оның ықпалына көзсіз еріп-еліктемеуі шарт... Америка өз сұраныстарына сай нәрселердің бәрін басқалардан алуына болады; ол өзін-өзі тану және өзіне-өзі жол ашу үшін адамзат ақылының алауын қолына ұстап, алға басқаны абзал», — десе, XX ғасырда өмір сүрген перулік қаламгер Хосе Карлос Мариатеги бодан ел әдебиеті дамуының келесі сатыларын көрсетеді: 1) отаршылдық кезең; 2) Еуропалық әдебиеттен еріксіз үйренуге тура келетін «космополиттік» кезең; 3) Халықтың дербес болмыс-бітімін және оның төңіректегіні өзінше сезініп-суреттеуін терең танытатын ұлттық кезең. Ал уругвайлық зерттеуші Анхель Рама әдебиеттануға қатысты ой қорытындысын: «Латынамерикалық әдебиеттанудың еуропа ғылымы жасаған модельдерге тәуелді болуы, бір жағынан, оның жетістіктерін тез, бірақ үстірт меңгеруге септессе, басқа жағынан — әдеби про-

цесті өзіндік және өзгеше тұрғыдан түсіндірудің жетілуін тежеді», — деп түйіндейді [17, 125].

«Қаралар континентінің» таланына тиесілі тақсірет-тауқымет те, өзгеріс-өткелек те сол тақылеттес екен. «Қазіргі Африканың әрбір саналы африкалық айтпай-ақ түсінетін міндеті мынадай: бар Африканы сақтай отырып, өркениетті Африканы жасау... Жалқы мен жалпының арасындағы осы құбылмалы күй африкалықтан бір мезетте әрі бөгдеден бұйырғанды қабылдауға дайын болуды, әрі өз табиғатынан айнып-адаспауды талап етеді», — деп жазған Ф.Лабюрт-Гольра мен Р.Бюроның сөздері шындыққа сәйкеседі [18, 32]. Тропикалық Африканың мәдениетін зерттеген В.Мириманов былай дейді: «Аккультурация деп аталатын екі мәдениеттің қақтығысы бүгінгі Африкадағы «негритюдтан» немесе африканизмнен бастап аккультурациялық жан-жүйке ауруларының айырықша түрлеріне және жаппай психоздарға дейін қамтитын көптеген саяси, философиялық, әлеуметтік жағдайлардың астарын аңғаруға кілт тауып береді. Аккультурацияға қабаттаса жүретін құбылыстарды әртүрлі құндылықтар жүйесінің арасындағы объективті алшақтықтар қалыптастырады. Бұл алшақтық ұжымдық санада да, дербес санада да, осы сананың дара дәстүрлі мәдениеттің өлшемдері мен «жат», «батыстық» өркениеттің талассыз игіліктері арасында ауытқитын екіұдайлығында да көрініс табады» [19, 25].

Демек, аккультурациялық «өз» бен «өзге», «жақын» мен «жат» проблемасы отаршылдықтың қиянат-қарағын шеккен елдердің рухани тіршілік-тынысында ең өзекті де өткір мәселе саналады. Және, қаласын-қаламасын, өміршендігі мықты жұрттарда әлгідей процестің аяғы олардың өзін-өзі тануына (азаматтық тарих), өзін-өзі бағалай бастауына (этностық намыс, этностық тіл, этностық мәдениет, этностық салт-сана, т.с.с), өзінің дербестік-даралығына ұмтылуына (егемендік, тәуелсіздік, мемлекеттілік) апарады.

Нәсілдік тұрғыдан негізделген — Латын Америкасындағы американизм (нуэстроамериканизм), Африкадағы «негри-

тюд» (африканизм) концепциялары метрополиялардың қанды құрығынан құтылып, осындай сара соқпақ, соны сүрлеу іздеу жолындағы идеялық таяныш-тұғыр болып танылды. Қазақ қоғамында Алаш идеясының оянуы да — сол іспеттес ізденістердің маржан-мәйегі.

Задында, өзіндік бой-бітімін барынша түзеп-тиянақтап, берік нықтап-нығырлап алған халық қана кем-кетігін тізіп-түгендеп, барын айқындап барып, содан соң бүкіладамзаттық өмірге батыл араласа алады. Әйтпесе, өзіндігін, өскелендігін көрсетпеген ұлттың басқаның көлеңкесінде қалып қоюы, жетегінде жүруі ғажап емес. Бұл өз кезегінде елді түрлі-түрлі рухани трагедияның табалдырығына тіреуі тағы мүмкін.

Мысалы, ұлы Абайдың теңдессіз талантының сұрып-сүзгісі арқылы төл топырағымызға Мағырып пен Машырық мәдениетінің беталды баспаламай, инабаттана, икемделе келгендігін, бұрынғы бай дәстүрге жанашылдықпен жұптаса жарасып кеткендігін көреміз.

Тәрізі, ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында орын тепкен объективті тарихи оқиғалар, идеологиялық итырқыл-жындар, ең ақыры — санасы оянған сахарада Шығыс пен Батыс құндылықтарының іс жүзінде бетпе-бет келуі зиялыларымыздың дағдылы дәстүрлі, діни екі дүние тақырыбының азаматтық аяда керегесін кенеітуіне себеп-септігін тигізді.

Замана сазына сәйкестенген сана-сезім эволюциясын сараптап алған соң, Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» атты өлеңінің «Түркістан — екі дүние есігі ғой» деген алғашқы жолына жұмырлана жинақталған, сығымдала сыйғызылған мәністерді байыптауға болады.

Біріншіден, бұл қатарда үйреншікті, үрдісті екі дүние мәселесі жаңаша жаңғыртылған. Тарихи білімі терең ақын Түркістан аймағының екі — көшпелі және отырықшы мәдениетті тоғыстыруға тұтқа болғандығын, оның екі идеологиялық арна — мәжусилік пен мұсылманшылықтың «арасын бұзып өтіп дінді ашқан» (Қазтуған) мән-маңызын ишаралайды